

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ МІНДЕТТЕМЕСІН ОРЫНДАМАҒАН БОРЫШКЕРДІ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Көңілқос Назгүл Рзаханқызы

nazgul362@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 1 курс магистранты, Нұр-
Сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р.Т.Бексултанова

Мақалада қазіргі таңда өзекті болып отырған мәселелердің бірі – борышкерлердің алименттік міндеттемелерінің орындамау себебептерін анықтай отырып, осы мәселені шешу жолдарын ұсынатын боламыз. Қазақстандағы өзекті де, шиеленісті мәселелердің бірі алименттік міндеттемелердің тиісінше дәрежеде орындалмауы болып табылады.

Қазіргі таңда алименттерді өндіру бойынша мәселені ушығуына бірден-бір себеп, сот орындаушыларының алименттерді өз өндірісіне алуына, оны орындауына қызығушылық танытпауы болып отыр. Оған бірнеше факторлар әсер етеді. Ең басты себеп алимент төлеуші борышкерді алимент төлеу жөніндегі міндетін орындамаған жағдайда жауаптылыққа тартудың құқықтық құралдарының толық жетілмеуі болып отыр. Сондай-ақ, басқа факторларды мақаланы оқу барысында танысатын боласыздар.

Біз бұл мақалада, алименттік құқықтық қатынастарға зерттеу жүргізген қазақстандық, шетелдік ғалымдардың ойларын саралап, автордың ойы бойынша оң тұстарын атап өтетін боламыз. Өзге мемлекеттердің практикаларынан біздің елімізге енгізуге болатын тұстарын көрсететін боламыз. Не себепті борышкерлер алименттік міндеттемін орындаудан жалтарады? Оған қандай себептер бар? Бұл мәселені қалай шешуге болады? Осы мақалада аталған сұрақтарға жауап іздеп, аталмыш мәселелерді шешуге жолдарын көрсетеміз.

Мақалада жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу үшін келесі тұжырымдар мен ұсыныстар ұсынылды. Біріншіден, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамасына, қылмыстық заңнамасына өзгерістер енгізу қажет. Екіншіден, жеке сот орындаушыларына «ҚР Атқарушылық іс жүргізу және жеке сот орынауышларының мәртебесі туралы заңына» өзгеріс енгізе отырып, тұрақты жұмысы жоқ және жеке сот орындаушы ұсынған жұмысты жасамай жүрген борышкерді мәжбүрлі еңбекке тартуға сотқа ұсыныс енгізу құқығын беруді ұсынамыз.

Осы зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру барысында, сондай-ақ қарастырылатын саладағы ғылыми зерттулерде қолданылуы мүмкін.

Алимент (*alimentum* – латын тілінен аударғанда «тамақтану, күтім») – ақшалай немесе мүлік нысанында заңда көзделген негіздер бойынша ерлі-зайыптылардың біреуінің екіншісіне, ата-ананың кәмелет жасына толмаған балаға, кәмелетке толған баланың еңбекке жарамсыз ата-анасына және басқа да отбасы мүшелерінің мұқтажын қамтамасыз етуге арналған төленетін төлем. Мұндай қаражатты беру жөніндегі құқықтық қатынастар заң негізінде туындайды және алименттік міндеттемелер деп аталады.

Қазақстанда алименттік қанытанастарда өзекті мәселелердің бірі – алимент өндіру мәселесі. Алимент он сегіз жасқа толмаған балалардан өзге, көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарына, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалар және «Неке

(ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінде көзделген басқа да тұлғалар үшін төленетінін

ескеретін болсақ, онда мәселенің ауқымында үлкен екенін байқаймыз. Негізі, Қазақстандағы алимент өндіру бойынша атқарушылық іс жүргізулердің басым көпшілігі кәмелет жасқа толмаған балаларын асырап-бағу үшін төленетін алименттік төлемдер болып табылады. ҚР прокуратура органдары жүргізген деректерге сай, 2011-2015 жылдар аралығының өзінде алимент өндіру бойынша атқарушылық құжаттардың саны 135 586-дан 279 386-ға дейін өскен [1]. 2015 жылдың өзінде атқарушылық іс жүргізу органдарында 370 480 баланы асырап-бағуға алимент өндіріп алу туралы 279 386 атқарушылық құжат болған [1]. Ал, бұл өз кезегінде алименттік міндеттемелердің тиісінше орындалуына бақылау жүргізу барысында қиындықтар туғызды. Қазіргі күнге дейін бұл мәселе шешім тапқан жоқ. Алименттік міндеттемелерін орындамаған борышкерлердің саны азаяр емес. Сол үшін бұл мәселені заң тұрғысынан да, борышкерлерге психологиялық тұрғыдан түсіндіре отырып шешу қажет.

Біздің қолданыстағы заңнама бойынша борышкерді жауапкершілікке тарту жолдары көзделген. Бірақ олар қазіргі таңда тиімді болып табылмайды. Мысалы, борышкеді әкімшілік, қылмыстық заңнама бойынша жауапкершілікке тартуға болады. Дегенмен, бұл өндіріп алушыға қарызды сол кезде қайтарады дегенді білдірмейді. Мысалы, «2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 299 Жарлығына сәйкес, 2020жылғы жалпы шығындар 13,827 трлн теңге болады, ал жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік қамтамасыз ету мақсатында төленетін соманың көлемі 3,576 трлн теңгені құрайды. Ал, аталған соманың басым көп бөлігі жалғыз басты аналар үшін, заң бойынша еңбекке жарамсыз тұлғалардың жәрдемақыларына және басқа да түрлі санаттардағы тұлғаларға төленеді. Егер борышкерлер алимент төлеу жөніндегі міндеттемелерін уақытылы төлейтін болса, төлеуден әдейі жалтармайтын болса, онда біз мемлекетіміздің өзекті мәселесін шешіп қана қоймай, экономикалық жағынан да көмек болады.

Белгілі заңгер П.И.Стучканың еңбектерінде алименттік қатынастарды, яғни алимент төлеу міндеттемесін қоғамдық әлеуметтік қамтамасыз етудің жанама түрі ретінде қарастырған болатын [2]. Борышкерлер бөтен басқа бір тұлғаға емес өздерінің ата-анасына, кәмелет жасына толмаған балаларына, зайыбына және заңда көзделген басқа тұлғаларға алимент төлеп жатқандығын ұғынса, мемлекетке артылар жүкте азайып, сонда ғана П.И.Стучканың қарастырған моделіне қол жеткізуге болады. Біз осыны ауқымы үлкен мәселені заң тұрғысынан реттей отырып, өндіріп алушының құқығын қорғап қана қоймай, мемлекетіміздің экономикалық мәселелерін құқықтық реформалау арқылы шеше аламыз.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша соттың немесе тиісті уәкілетті органның шешімі негізінде алынған атқарушылық құжаттардың орындалуы динамикасына негізінде ең өзекті де, шиеленісті – алименттерді өндіріп алу бойынша атқарушылық құжаттар болып табылады. Алимент төлеу, алименттік қатынастар әлеуметтік маңыздылығы басым топқа жататындықтан, алимент алушы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері тиісті дәрежеде қорғалатын құқықтық құралды талап етеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, алимент негізінен кәмелет жасқа толмаған балаға және еңбекке жарамсыз ата-анасына, зайыбына және заңда көзделген өзге тұлғаға тағайындалады. Ал, аталмыш адамдар тобы тиісті дәрежедегі құқықтық қорғауды қажет етеді. Сот шешімі толығымен орындалмайынша жеке тұлғалардың немесе заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды қалпына келтірілді деп айта алмаймыз. Сондықтан да, алиментті өндіру әлі күнге өзекті мәселе болып отыр.

Сот орындаушыларының әрекет ету тетіктерінің жеткіліксіз болуы салдарынан қауқарсыз болып, осы екі ортада кәмелет жасқа толмаған балалардың, еңбекке

жарамсыз ата аналар мен алимент алуға құқылы өзге де тұлғалардың алименттік қажеттіліктері өтелмей жатады. Ал, енді не себепті борышкерлер алимент төлемейді немесе неге бізде алимент бойынша қарыз көп соны талдап көрейік.

Қазіргі таңда барлық алимент бойынша атқарушылық іс жүргізу жеке сот орындаушыларының өндірісінде. Бұл жердегі алғашқы мәселе – ол жеке сот орындаушыларының алимент өндіру атқарушылық іс жүргізуін орындауға деген

қызығушылығының жоқтығы болып табылады. Оған себеп, жеке сот орындаушыларының алатын ақысы деп есептейміз. Жеке сот орындаушысы алимент бойынша атқарушылық құжаттардан 15 АЕК немесе тоқсанына 1 АЕК алады. Сондықтан жеке сот орындаушыларында борышкерден алимент өндіруге қатысты құлшынысы болмайды. Қазіргі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңына сай жеке сот орындаушыларына алимент өндіру туралы атқарушылық құжаттарды өз өндірісіне алуға ынталандырушы жағдай жасамаған. Сол үшін біз, алимент өндіру туралы атқарушылық құжаттарды орындағаны үшін жеке сот орындаушыларының еңбекақысы мемлекет тарапынан төленетінін ескере отырып, тиімді мөлшерін белгілеу қажет немесе қызығушылығын арттыру үшін белгілі бір шаралар қабылдау қажет деп ойлаймыз. Себебі, 15 АЕК немесе тоқсанына 1 АЕК тым аз деп есептейміз.

Келесі мәселе ол жұмыссыз борышкерлерге қатысты болып отыр. Елімізде қазіргі таңда практика барысында көп кездеседі. Бұл жағдайда, жеке сот орындаушылары жұмыссыз борышкерге жұмыс ұсынады. Алайда, борышкерлердің 80 пайызы дерлік ұсынылған жұмысты жасаудан бас тартады. Оған қоса борышкердің атында мүлік болмаса, онда жеке сот орындаушысы заң бойынша ешқандай әрекет жасай алмайды. Сондықтан жеке сот орындаушыларына заңмен белгіленген өкілеттілік аясын кеңейту қажет деп ойлаймыз. Себебі, аталған жағдайда өндіріп алушының құқығы мен заңды мүддесі қайда қалмақ? Сол себепті де, «Атқарушылық іс жүргізу және жеке сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңына жеке сот орындаушыларына тұрақты жұмысы жоқ және жеке сот орындаушы ұсынған жұмысты атқарудан бас тартқан борышкерді мәжбүрлі еңбекке тартуға құқық беру қажет. ҚР Еңбек Кодексінің 7-бабының нормасына сай мәжбүрлі еңбекке тыйым салынғандығы көрсетілген. Алайда, 7-баптың нормасына сай, «егер заңда өзгеше көзделмесе» мәжбүрлі еңбекке тартуға тыйым салынған делінген. Сондай-ақ, ҚР Конституциясында мәжбүрлі еңбекке соттың шешімімен де тартылуы мүмкін деп көрсетілген. Ал бұл ретте біз жеке сот орындаушыларына сотқа борышкерді мәжбүрлі еңбекке тартуға ұсыныс енгізуге құқық береміз. Сонда бұл норма борышкер құқығын шектемейді.

ҚР Бас Прокуратурасының жүргізген 981 алимент төлеуші не себепті төлемейді немесе төлеуден жалтарады сауалнама өткізген болатын. Ол жақта объективті себептермен (тұрақты жұмысының жоқтығы, бас бостандығынан айыру мекемелерінде болғаны үшін) қатар, субъективті себептерде болған. Ол тек сауалнамада ғана емес, практикада да, кездесіп жатады. Келесідей субъективті пікірлер:

- Өндіріп алушыға деген теріс көзқарасы. Мысалы, кәмелет жасқа толмаған баласы алимент төлейтін болса, алимент төлеуші адам мен бұрынғы жұбайыма төлеп жатырмын деген ойдың қалыптасуы. Алайда, алимент бұрынғы жұбайына емес, кәмелет жасқа толмаған балаларына төленетін естен шығармаған жөн.

- Алимент мөлшерімен келіспейді.

Біз аталған проблемаларды шешу қажетпіз. Мысалы, борышкердің өндіріп алушыға деген теріс көзқарасын, әрине заң тұрғысынан реттей алмаймыз. Бірақ бұл мәселе жоқ емес бар! Сондықтан бұл мәселені АҚШ практикасына қарап шешу қажет деп ойлаймыз. АҚШ-та отбасылық тәрбие институты бар [3]. Сондай-ақ, борышкерге кәмелетке толмаған баланың екеу ара қатынасына еш қатысы жоқ екенін түсіндіру қажет.

Бас Прокуратурамен алименттерді өндіріп алу мәселелері бойынша жүргізілген сауалнама нәтижесінде, әрбір үшінші (294) сауалнамаға қатысушы, егер олардың сомасын азайтса, алимент төлейтінін көрсетті. Алименттерді үлестік өндіріп алу қағидатынан алыстау қажет есептейді. Сондықтан осы мәселені көріп, борышкердің табысының үлесінен емес, жеке әр балаға бекітілген белгілі бір соманы есептеу қажет. Әрине бұндай практика

Германия елінде қолданылады. Мысалы, Германияда алимент 25 жасқа дейін 200-ден 700 евроға дейінгі белгіленген мөлшерде төленеді [3]. Бұл да бір түйінді мәселені шешуге көмектесетін сияқты.

Біз борышкердің құқықтық жауапкершілігін жетілдіру арқылы алимент ала алмай жүрген өндіріп алушылардың құқықтарын қорғауды жетілдіреміз. С.А. Муратова ресейлік профессор: «Алименттік қатынастарда борышкердің ең маңызды қозғалтқыш механизмі – құқықтық жауапкершілігі» деп санайды [5]. Сондықтан, енді борышкердің құқықтық жауапкершілігіне тоқталайық.

Сонымен, қылмыстық жауапкершілігіне талқылайық. Борышкер алимент төлеуден 6 айдан астам уақыт жалтарған болса, онда кінәлі борышкерді ҚР Қылмыстық кодексінің 139- бабының нормасына сай жеке басына әсер ету арқылы жауапкершілікке тартады. Яғни, ҚР ҚК-нің 139-бабының санкциясына сай құқықбұзушылық жасаған адамды алты жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартуды немесе *2 жылға дейін бас бостандығынан айыруды* немесе сол мерзімге бас бостандығын шектеуді көздейді. ҚР Қылмыстық Кодексінің баптарына да өзгерістер енгізу қажет. Себебі, жоғарыда айтып өткендей, ҚР ҚК-нің 139-бабы тек қана бір тармақтан тұрады және санкциясында 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Ал егер, біз бас бостандығынан айыру жазасын қолданар болсақ, борышкер бас бостандығын шектеу мекемелерінде болған кезінде ҚР Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы Кодексінің 169-бабы 3-тармағына сай алимент мөлшері әр айға 1 АЕК деп анықталады. Ал, бұл өз кезегінде өндіріп алушы үшін де тиімді емес. Еңбекке қабілетті адамның бас бостандығынан айыру арқылы арқылы алимент төлеу мүмкіндігін шектеледі. Сондықтан бұл бапты 2 тармақтан тұратын толықтыру енгізу қажет. ҚР ҚК-нің 139-бабының бірінші рет жасалынған құқықбұзушылық болғандықтан бірінші тармағының санкциясында тек қоғамдық жұмысқа тарту болса, екінші тармақтың диспозициясына – бірнеше рет қайталану болса, санкциясына екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуді немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруды көздеу қажет.

Енді борышкердің әкімшілік жауапкершілігіне тоқталайық. Борышкерге әкімшілік сипатта, яғни борышкердің жеке басына және мүлкіне әсер етуші элементтерді қоса қамтиды. Бұл қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 669 бабына, яғни сот актілерін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың қаулыларын орындамау, сәйкес жеке тұлғаларға 10 АЕК дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 669-бабына сай алимент төлеуден жалтарған адамға айыппұл салу көзделген. Ал бұл алимент төлей алмай жүрген борышкер үшін тиімсіз. Ол азамат алименттік берешегін өтейді ма әлде айыппұл төлейді ма? Сондықтан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне жаңа «Алимент төлеуден жалтару» деген бап енгізе отырып, санкциясына тек 15 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуды көздеу қажет. Бұл борышкерге ықпал ету шарасы ретінде әсер етуі қажет деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, бұл мақаланың өзектілігі тек құқықтық сипатта ғана емес, сонымен экономикалық сипатты да қамтиды. Егер аталған мәселелерді шешу жолдары қолданысқа енгізілер болса, көп түйінді мәселелер шешілері анық. Қазіргі таңда алименттік міндеттемелердегі тиісінше орындамаған борышкерді жауапкершілікке тарту

құралдарын жазалаушы сипатын, алимент төлеуге тиімді жағдай жасау арқылы өзгерту қажет. Егер біз алимент төлемеген немесе төлеуден жалтарған борышкерге неғұрлым жеңіл жаза түрін қолдана отырып, әсер ете алатын болсақ, неге біз онда қатаң жаза қажет?! Жеңіл жаза қолдану арқылы ғана борышкердің алимент төленуін қамтамасыз ететін жағдай жасай аламыз. Сондықтан, осы мақалада көтерілген мәселелердің шешу жолына мән беруіміз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Проект «Алименты. 30 шагов против неуплаты» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39564154#pos=6;-106
2. Петрова Наталья Дмитриевна История алиментных обязательств в советский период: проблемы теории и практики, т. I. // <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-alimentnyh-obyazatelstv-v-sovetskiy-period-problemy-teorii-i-praktiki/viewer> // 24 б.
3. М.М.Нурбекова, Г.А.Ильясова Совершенствование механизма правового регулирования взыскания алиментов на содержание несовершеннолетних детей// Издательство КарГУ 2016 г. // С.290-296 // <https://rep.ksu.kz/handle/data/865?show=full>
4. Муратова С.А. и Костюченко Е.Ю. Современные подходы к ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение алиментных обязательств// <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-podhody-k-otvetstvennosti-za-neispolnenie-ili-nenadlezhashee-ispolnenie-alimentnyh-obyazatelstv>// 149 с.
5. М. Казтаев Ответственность за неуплату алиментов //Медиа-корпорации «ЗАҢ» // 2018 г. // <https://www.zakon.kz/4947643-otvetstvennost-za-neuplatu-alimentov-m.html>

УДК 347.94

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ СОТ САРАПТАМАСЫ

Қаражанов Нұртілеу

Karazhanov.n@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының «Құқықтану» мамандығының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- з.ғ.к., доцент м.а. Б.Жусипова

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес «әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар» деген норма бекітілген[1].

Азаматтық сот ісін жүргізудегі сараптаманың ерекшелігі әрқашан істің кез-келген жағдайын дұрыс анықтау үшін ғылым, технология, өнер саласындағы маманның арнайы білімі қажет болған кезде соттың процедуралық шешімімен байланысты болып келеді.

Азаматтық процесте дәлелдемелердің түрі ретінде сот сараптамасы соттың заңды және шешім қабылдау үшін үлкен маңызға ие.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі сараптама-бұл туындаған азаматтық-құқықтық дауды дұрыс шешу, тараптардың нақты құқықтары мен міндеттерін анықтау үшін маңызы бар жаңа дәлелдемелерді анықтау мақсатында сот ұсынған заттай дәлелдемелер мен материалдарды